

2009 жылғы 20 ақпандағы № 1 "Қарабалық ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қарабалық ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 қазанда № 6674 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 38 шешіміне және "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" бірлескен Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6547 болып тіркелген) сәйкес, Қарабалық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қарабалық ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" Қарабалық ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 20 ақпандағы № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-104 тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

4-тармақ алып тасталсын, 1-тармақ келесі мазмұнда 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

" 1 2) Х у т о р с к а я к ө ш е с і ;
1 3) З е л е н а я к ө ш е с і . " .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М. Велин